

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 тамыздағы N 197п Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 56-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 2-жолдағы "шамамен 3,0 млн. га. алаңда" деген сөздер "шамамен 3,5 млн. гектар алаңда" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 89-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:
реттік нөмірі 2-жолда:

"Ақтөбе - 1 ауылдық несие серіктестіктері;" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Атырау - 1 ауылдық несие серіктестіктері;"

"Қызылорда - 2 ауылдық несие серіктестіктері;" деген сөздер "Қызылорда - 1 ауылдық несие серіктестіктері;" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі